

Біріңді, қазақ, бірің дос көрмесең, істің бәрі бос! Абай

# Отарқа



ЕКІБАСТҰЗ ҚАЛАЛЫҚ ГАЗЕТІ. ГАЗЕТ 1992 ЖЫЛДЫҢ 1 ҚАҢТАРЫНАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

## ДЕМОГРАФИЯ

### АНАЛАРҒА ҚҰРМЕТ

Қала әкімдігінде көпбалалы аналарға «Алтын алқа», «Күміс алқа» наградаларын табыстау салтанаты өтті. Еліміздің демографиялық дамуына елеулі үлес қосқан жан-дарды қала әкімі Аян Бейсекин құттықтады.



— Аяулы ханымдар! Халықта «Ана — отбасының шырағы» деген терең мағыналы сөз бар. Сіздер — мейірім мен сабырдың қайнар көзі, әр отбасының берекесі мен ұрпақ тәрбиесінің тірегісіздер. Мейірім мен махаббатқа толы жүректеріңіз әр шаңыраққа жылу мен үйлесім сыйлайды. Бала тәрбиесі жолындағы табандылықтарыңыз бен сүйіспеншілікке толы еңбектеріңіз үшін сіздерге шын жүректен

алғысымды білдіремін, — деді өз сөзінде қала басшысы.

Бұдан әрі марапаттау рәсімі жалғасып, жеті баланы дүниеге әкеліп, тәрбиелеген Айсұлу Нарымбаева мен Жанаргүл Тілешке «Алтын алқа» алқасы тағылды. Алты баласы бар Алмагүл Жүнісова мен Әсел Рахимоваға

«Күміс алқа» тапсырылды. Алтын құрсақты аналардың құрметіне әнші Бауырбек Бектеміров ана туралы жырларын арнап, залды думанды күйге бөледі.

Кенже ҚУАТ  
Суретті түсірген:  
Д. ТҰРЛЫБЕКОВА

«Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында 11 сәуірден бастап аймағымызда тазалық пен абаттандыру айы басталады.



### ҚҰРМЕТТІ ЕКІБАСТҰЗ ӨҢІРІНІҢ ТҰРҒЫНДАРЫ!

Барлық кәсіпорындардың ұжымдарын, бизнес нысандарын және өңір тұрғындарын қаланы жаппай тазалау жұмыстарына белсенді қатысуға шақырамыз!

Сенбіліктер кезеңінде полигон аумағында қоқысты тегін қабылдау ұйымдастырылады.

Көлік қажеттілігі және қоқысты шығаруға қатысты өтінімдер 74-05-52, 34-74-68 телефондары арқылы қабылданады.

Ортақ үйімізді таза әрі әдемі етейік!

Екібастұз қаласы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі

## ЭКОЛОГИЯ

### ЖАЙЫЛМАҒА СУ ЖӨҢКІЛДІ

7 сәуір күні №112 су босату құрылғысының қақпасы көтеріліп, ақ көбік болып буырқанып лықси аққан су жойқын күшпен Шідерті су арнасы бойымен Ақкөл-Жайылмаға қарай жөңкілді. Биылғы жылы да Қаныш Сәтбаев каналынан табиғатты қорғау мақсатында, жылдағы сияқты, 120 миллион текше метр су босатылады.

— Біз үшін бүгін — қуанышты күн. «Сулы жер — нулы жер» деген емес пе. Осы босатылған су Екібастұз бен Ақтоғай өңірлеріндегі экологиялық тепе-теңдіктің сақталуына, фауна мен флораның түрленуіне пайдасын тигізеді, — дейді Владимир Егер

— «Қазсушар» РМК Сәтбаев каналы Павлодар пайдалану басқармасының бастығы.

Владимир Егердің айтуынша, №112 құрылғыдан әзірге тәулігіне 1300-1500 текше метр су жіберіліп отырады. Ал 17-18 сәуірде №108 құрылғыдан да су

босатылады. Оқырманға түсінікті болуы үшін айта кетелік, екі жақтан жіберілген су Зеленая рошча елді мекені тұсында түйісіп, ары қарай Ақтоғай ауданы аумағындағы Шығанақ көліне дейін жетеді.

Жалпы, су жіберу шамамен мамыр айының соңында аяқталады деп күтілуде.

Айтулы оқиғаға «Қазсушар» республикалық мемлекеттік кәсіпорны Павлодар филиалының директоры Арман Оспанов та куәгер болды.

— Біздің тарапымыздан Екібастұз бен Ақтоғай өңірлеріндегі



гидротехникалық құрылғылар ретке келтірілді. Былтырғы жаз бен күзде су арнасының бітелген тұстары тазаланды. Нақтырақ айтқанда, жалпы қашықтығы 4,2 километр канал табаны балшықтан тазартылып, қашықтығы 5 километр дамбылар биіктетілді. Мұндай қалыпқа келтіру жұмыстары биылғы жылы да атқарылады. Айтпақшы, Шідерті көлтабанды суармалы жүйесінің Төртүй ауылында орналасқан учаскесіне былтыр 11 арнайы техника сатып әперілген еді. Биылғы жылы сонда техника жөндеу шеберханасын салу көзделіп отыр. Қазіргі

уақытта жобалық-сметалық құжаттамасы әзірленді. Құрылысқа 115 миллион тенге қаржы бөлінеді, — дейді Арман Сансызбайұлы алдағы жоспарларын бөлісіп.

Жалпы, Шідерті көлтабанды суармалы арнасы бойымен босатылған су Екібастұз бен Ақкөл ауылдық округтеріндегі, Ақтоғай ауданының Ақжол, Жолболды, Жалаулы округтеріндегі көлтабанды шабындықтарға да жайылып, күзде мал азығын молынан дайындауға мүмкіндік береді.

Ж. ЖӘЛЕЛҰЛЫ

